Әділет

# "1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 20 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

## 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің ( объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері

мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

Жоба
Қазақстан Республикасы Президентінің
2015 жылғы " "
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН

## 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 23-бабын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

1. Келісімнің 1-бабы мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Ғылыми-зерттеу және сынақ жұмыстарының жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін сынақтарды орындау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында полигон қолбасшылығының Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарын хабардар етуімен № 1 қосымшаға сәйкес Кіші Богдо тауының ауданындағы № 1 учаскенің 3-7 координаттық нүктелерінің ішінде орналасқан жер учаскесі пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары Полигон қолбасшылығымен бірлесе отырып, Кіші Богдо тауы ауданындағы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізеді.».

2. Келісімнің 9-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Полигон қолбасшылығы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып, маусымдық ауыл шаруашылығы және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде полигон аумағының учаскелерін пайдалану тәртібін айқындайды және дүлей зілзалаларды жою кезінде көмек көрсетеді.».

3. Келісімге № 1 қосымша осы Хаттаманың қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

## 2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етеді.

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

2015 жылғы « » қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы* *Ресей Федерациясы*
*үшін* *үшін*

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс

министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге
№ 1-ҚОСЫМША

## Қазақстан Республикасының аумағындағы 929 МҰСО-ның жер учаскелері шекараларын айқындайтын координаттық нүктелердің тізбесі

| Нүкте нөмірі | Географиялық координаттар | |
|---|---|---|
| | солтүстік ендік (град., мин., сек.) | шығыс бойлық (град., мин., сек.) |
| 1 | 2 | 3 |
| координаттармен шектелген № 1 учаске | | |
| 1 | 48°20'00" | 46°49'00" |
| 2 | 48°28'00" | 46°49'00" |
| 3 | 48°28'00" | 47°00'00" |
| 4 | 48°27'21" | 47°02'45" |
| 5 | 48°27'33" | 47°05'24" |
| 6 | 48°28'16" | 47°05'29" |
| 7 | 48°29'00" | 47°00'00" |
| 8 | 48°30'00" | 46°55'00" |
| 9 | 48°37'00" | 46°55'00" |
| 10 | 48°37'00" | 47°10'00" |
| 11 | 48°44'00" | 47°10'00" |
| 12 | 48°44'00" | 47°13'00" |
| 13 | 48°46'00" | 47°16'00" |
| 14 | 48°46'00" | 47°25'00" |
| 15 | 48°44'00" | 47°25'00" |
| 16 | 48°44'00" | 47°27'00" |
| 17 | 48°45'00" | 47°28'00" |
| 18 | 48°44'00" | 47°48'00" |
| 19 | 48°40'00" | 47°48'00" |
| 20 | 48°40'00" | 47°33'00" |
| 21 | 48°32'00" | 47°33'00" |
| 22 | 48°32'00" | 47°48'00" |
| 23 | 48°36'00" | 47°48'00" |
| 24 | 48°36'00" | 48°03'00" |

| | | |
|---|---|---|
| 25 | 48°43'00" | 48°03'00" |
| 26 | 48°37'00" | 48°52'00" |
| 27 | 48°38'00" | 48°53'00" |
| 28 | 48°37'00" | 49°07'00" |
| 29 | 48°30'00" | 49°05'00" |
| 30 | 48°19'00" | 50°15'00" |
| 31 | 48°17'00" | 50°14'00" |
| 32 | 48°05'00" | 49°58'00" |
| 33 | 48°05'00" | 49°47'00" |
| 34 | 48°04'00" | 49°44'00" |
| 35 | 48°03'00" | 49°25'00" |
| 36 | 47°57'00" | 49°25'00" |
| 37 | 48°00'00" | 49°12'00" |
| 38 | 48°05'00" | 48°53'00" |
| 39 | 48°07'00" | 48°27'00" |
| 40 | 48°10'00" | 48°02'00" |
| 41 | 48°11'00" | 48°00'00" |
| 42 | 48°12'00" | 47°49'00" |
| 43 | 48°13'00" | 47°35'00" |
| 44 | 48°14'00" | 47°28'00" |
| 45 | 48°15'00" | 47°12'00" |
| 46 | 48°20'00" | 46°49'00" |
| координаттармен шектелген № 2 участке | | |
| 1 | 48°05'06" | 53°02'00" |
| 2 | 48°18'35" | 53°02'32" |
| 3 | 48°17'45" | 53°42'56" |
| 4 | 48°04'17" | 53°42'14" |
| 5 | 48°05'06" | 53°02'00" |
| координаттармен шектелген № 3 участке | | |
| 1 | 47°13'15" | 51°55'58" |
| 2 | 47°13'23" | 51°55'57" |
| 3 | 47°13'23" | 51°56'21" |
| 4 | 47°13'14" | 51°56'22 " |
| 5 | 47°13'15" | 51°55'58" |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК